



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Г. Тұрсынов

2023 ж

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша қазақ диаспорасы балаларына
арналған «Қазақстан – ата жұртым, қасиетім – ана тілім» атты
XX Халықаралық олимпиаданың өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді. Ереже «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша қазақ диаспорасы балаларына арналған «Қазақстан – ата жұртым, қасиетім – ана тілім» атты Халықаралық олимпиаданың (бұдан әрі – *Олимпиада*) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру-әдістемелік жабдықталуын, өткізу және қаржыландыру, Олимпиадаға қатысу, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаты мен міндеттері – қазақ диаспорасының дарынды балаларын анықтауға және оларға әлеуметтік-құқықтық қорғау, тілге, әдебиетке, тарихқа ынталандыру және қазақ халқының мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттыру.

ҚАТЫСУШЫЛАР

3. Олимпиадаға шетелдегі қазақ диаспорасының білім беру ұйымдарының 14-18 жасындағы оқушылары қатыса алады.

4. Әрбір қатысушы елдің командасының құрамында 8 оқушы мен 2 жетекші болады.

5. Олимпиаданың өткізілу мерзімі аралығында қатысушылардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілік толығымен команда жетекшілеріне жүктеледі.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Олимпиаданың ұйымдастыру және өткізу барысын қадағалау үшін республикалық ұйымдастыру комитетін бекітеді.

7. Ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың өткізілу мерзімі мен орнын анықтап, дайындық жұмысын жүргізуде тікелей басшылық етіп, әдістемелік комиссия мен қазылар алқасының құрамын, Олимпиаданың өткізу бағдарламасын, қатысушылардың тізімін бекітіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізуде тікелей басшылық етеді.

9. Қазылар алқасының құрамына ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары, өнер адамдары мен қаламгерлер кіреді.

10. Олимпиада үш турдан тұрады:

I ТУР:

Эссе жазу.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен берілген тақырыптар бойынша эссе жазады. Эссе жазуға 120 минут (250 сөз) уақыт беріледі.

II ТУР

4 секция бойынша «Тарихи таным» тақырыбында зерттеу жұмыстарын қорғау:

- *«Туған жер тұғырың!»* тақырыбында әр үміткер өзінің туып-өскен жері туралы қазақ тарихымен байланысы;
- *«Қадірлесең салт-дәстүр – асыл қазына»* атты тақырыпта қазақтың салт-дәстүрінің мәні мен маңызы туралы;
- *«Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі»* атты тақырыпта қазақтың қолөнер бұйымдарының тарихын бағамдау;
- *«Тұлғатану тағылымы»* атты тақырыпта қазақ ұлтынан шыққан тарихи тұлғалардың тарихтағы орнын (әл-Фараби, Абай, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсарин, Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова т.б.) саралау;

III ТУР

Үй тапсырмасы – «Өз ұлтымды сүйемін!» тақырыбына шығармашылық таныстырылым.

Әр қатысушыға міндетті:

– Шыққан руы туралы, ата-анасы, өзі туралы ақпарат беріп, жеті атасын тарқатып айтып беру.

Қатысушылардың таңдауы бойынша:

- ұлттық аспаппен өнер көрсету (*күй тарту, дәстүрлі ән орындау*);
- көркем сөз оқу (*ақын болса өзінің төл өлеңін оқу немесе қазақтың ақын-жырауларының өлеңін оқу*);
- ұлттық би билеу.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

11. Олимпиаданың қатысушыларын бағалау қазылар алқасы мүшелерінің тарапынан жүргізіледі. Жүлдегерлер қазылар алқасының шешімімен анықталады.

12. Жалпы бағалау 10 ұпайлық жүйемен есептеледі.

Эссені бағалау критерийлері:

- тақырыптың ашылуы;
- тарихи деректерге сүйенуі;
- әдеби шығармалардан дәйексөздер келтіруі;
- өз ойын қисынды жеткізуі;
- сөйлемдерді дұрыс құруы;
- сауатты жазуы.

1) Зерттеу жұмысын бағалау критерийлері:

- зерттеу жұмысын жазуда ғылыми және монографиялық еңбектердің сілтемесін көрсету;
- тақырыптың өзектілігі, жан-жақты ашылуы;
- белгілі бір тақырыпты зерттеуде талдау, сараптау жүргізуі бағаланады.

3) Үй тапсырмасын бағалау критерийлері:

- тапсырманың тақырыпқа сәйкестігі;
- ойлау ерекшелігі;
- қатысушының патриоттық келбеті;
- қатысушының қабілеті, бейімділігі;
- сөйлеу этикасы және тіл заңдылықтарын меңгеруі;
- орындаушылық шеберлігі;
- театрландырылған көрініс, өлең оқу, монолог, музыка, кескіндеме.

13. Олимпиадаға қатысу үшін тіркелу және рұқсат алу ұйымдастыру комитетіне шетелдердегі қазақ диаспорасы ұйымдары қуәландырған жазбаша сұраныспен беріледі. Сұранысты Олимпиаданың басталуына 3 апта қалғанға дейін жіберу қажет.

Ақпарат, Олимпиаданың өткізу Ережесі «Дарын» РҒПО www.daryn.kz сайтында 1 ай бұрын орналастырылады.

14. Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің мекен- жайы:

010011 Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел 8/2, тел. 8/7172/-570160, e-mail: info@daryn.rz; (e-mail: z.amanova7@mail.ru); сот.: 87015339125

ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

15. Олимпиаданың қазылар алқасы үш тур нәтижесі бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

16. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, тиісті дәрежедегі медальмен, сондай-ақ «Дарын» РҒПО номинациялары бойынша дипломдармен марапатталады.

17. Олимпиаданың барлық қатысушыларына сертификат беріледі. Команда жетекшілеріне «Алғыс хат» табысталады.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

18. Олимпиаданың қатысушылары мен олардың жетекшілерінің іс-сапар шығындары (барып-келу жолы) жіберуші жақ есебінен төленеді.

Олимпиаданың өтетін уақытынан бастап қатысушылардың жататын орны мен тамақтануы «Дарын» РҒПО есебінен төленеді.

19. Қаржы шығындары бекітілген смета бойынша қаржыландырылады.



«УТВЕРЖДАЮ»

Директор РНПЦ "Дарын"

Г. Турсынов

2023 ж

**Правила
проведения XX Международной олимпиады для детей
казахской диаспоры по предмету казахский язык и литература
«Қазақстан – ата жұртым, қасиетім – ана тілім»**

I. ОБЩЕЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Положение разработано в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании», «О языках в Республике Казахстан», государственной программой развития образования в Республике Казахстан на 2019-2025 годы. Положение определяет цели и задачи, организационно – методическое оснащение, порядок проведения и финансирования Международной олимпиады для детей казахской диаспоры «Қазақстан – ата жұртым, қасиетім – ана тілім» (далее - Олимпиада) по предмету казахский язык и литература, участия в Олимпиаде, определения победителей и призеров.

2. Основные цели и задачи олимпиады - выявление и социально-правовая защита одаренных детей казахской диаспоры, стимулирование к языку, литературе, истории и привитие любви к культуре казахского народа.

УЧАСТНИКИ

3. В Олимпиаде могут принять участие учащиеся 14-18 лет организаций образования казахской диаспоры за рубежом.

4. В составе команды каждой страны-участницы 8 учащихся и 2 руководителя.

5. Ответственность за жизнь и здоровье участников в период проведения Олимпиады полностью возлагается на руководителей команд.

ОРГКОМИТЕТ И ЖЮРИ

6. Министерство просвещения Республики Казахстан утверждает республиканский организационный комитет для контроля за ходом организации и проведения Олимпиады.

7. Организационный комитет определяет сроки и место проведения Олимпиады, осуществляет непосредственное руководство в проведении подготовительной работы, утверждает состав методической комиссии и жюри, программу проведения Олимпиады, список участников, награждает победителей и призеров.

8. Республиканским научно-практическим центром «Дарын» Министерства просвещения Республики Казахстан (далее – РНПЦ «Дарын») осуществляется непосредственное руководство организацией и проведением Олимпиады.

9. В состав жюри входят люди искусства, писатели, ученые, преподаватели ВУЗ-ов.

10. Олимпиада проводится в три тура:

I ТУР

Написание эссе. Написание эссе на заданные темы по предмету «Казахский язык и литература». На написание эссе дается 120 минут (250 слов).

II ТУР

Защита исследовательских работ на тему «Историческое познание» по 4 секциям:

- «Туған жер тұғырың!» - об исторической связи малой Родины с историей Казахстана;

- «Қадірлесен салт-дәстүр – асыл қазына» - о смысле и значении казахских традиций и обычаев;
- «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» - историческая оценка казахского прикладного искусства;
- «Тұлға тағылымы» - анализ роли исторических личностей в истории Казахстана (Әл-Фараби, Абай, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсарин, Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова и др.).

III ТҮР

Домашнее задание - творческая презентация на тему «Люблю свою нацию!».

Каждому участнику обязательно:

- рассказать о себе, о родителях, о происхождении рода, о семи поколениях.

По выбору участников:

- Искусство игры на национальном инструменте (исполнить кюй, традиционное исполнение песни);
- чтение художественного слова (чтение произведения собственного сочинения или произведений казахских поэтов);
- исполнение национального танца.

КРИТЕРИИ ОЦЕНИВАНИЯ

11. Оценка участников олимпиады проводится членами жюри. Призеры определяются решением жюри.

12. Общая оценка рассчитывается по 10-балльной системе.

Критерий оценки эссе:

- раскрытие темы;
- опора на исторические источники;
- цитирование литературных произведений;
- умение обоснованно доносить свои мысли;
- умение правильно строить предложения;
- умение грамотно писать.

Критерий оценки исследовательской работы:

- актуальность темы, его всестороннее раскрытие;
- проведение анализа, экспертизы при изучении определенной темы;
- указание ссылок на научные и монографические труды.

Критерий оценки домашнего задания:

- соответствие задания теме;
- особенность мышления;
- патриотический облик участника;
- способности, склонности участника;
- соблюдение этики речи и закономерности языка;
- исполнительское мастерство;
- театрализованное представление, чтение стихов, монолог, музыка, живопись.

13. Регистрация и получение разрешения для участия в Олимпиаде предоставляются в оргкомитет по письменному запросу, заверенному организациями казахской диаспоры за рубежом.

Запрос необходимо отправить за 3 недели до начала Олимпиады. Положение проведения Олимпиады и информация о проведении размещаются на сайте РНПЦ «Дарын» www.daryn.kz, за 1 месяц до начала Олимпиады

14. Адрес организационного комитета Олимпиады:

010011 Республика Казахстан, г. Астана, Мәңгілік ел 8/2
тел. 8/7172/570160, e-mail: info@daryn.rz; e-mail: z.amanova7@mail.ru;
сот: 87015339125

ПОДВЕДЕНИЕ ИТОГОВ И НАГРАЖДЕНИЕ

15. Жюри олимпиады по результатам трех туров определяет победителей и призеров.
16. Победители и призеры олимпиады награждены дипломами I, II, III степени Министерства просвещения Республики Казахстан, медалями соответствующей степени, а также дипломами РНПЦ «Дарын» по номинациям
17. Всем участникам Олимпиады выдается сертификат. Руководителям команд вручается "Благодарственное письмо" РНПЦ «Дарын».

ФИНАНСИРОВАНИЕ

18. Командировочные расходы (проезд) участников Олимпиады и их руководителей оплачиваются за счет направляющей стороны.
- Место проживания и питания участников с момента проведения Олимпиады оплачивается за счет РНПЦ «Дарын».
19. Финансовые затраты финансируются по утвержденной смете.